

КҮЛӘШІ БОЛҒАН ЕЛ – МӨРТЕБЕЛІ ЕЛ



«Қалай келеді Күләш жетпіске?» деймін өзіме-өзім дауыс тастап. Ол әлі көктемнің бұлбұлындай сайрап тұрған жоқ па? Әрине, сайрап тұр. Мен осы сайрап тұрған, сөйлеп тұрған, я күліп, я жылап тұрған Күләштан өзгені білген емеспін, білгім де келмейді!

– Қандай әдемісіз, Жәке? – дейді Күләш Жамбылдың бетіне бетін тақап. – Ал сен бәрімізден де сұлусың! – деп Жамбыл Күләштің маңдайынан сүйеді.

Мен қазір сол мезетті есіме түсірсем, жылағым келеді. Рас екен-ау, екеуінің де айтқаны: «Жамбыл – ең әдеміміз, Күләш – ең сұлуымыз екен ғой!» деймін бүгін соларды сағынып.

Мен жақында ғана арқалы аталарым, ағаларым Дулат, Жанақ, Біржан, Ақандар туралы жазған өлеңімнің соңын:

Сен арқылы ағаларды мақтаймын,
Мен оларды сағынамын, жоқтаймын.
Ән-жырлары жүрегімде жаттаулы,
Армандары қиялымда сақтаулы, деп аяқтадым.

Мен Жамбыл мен Күләшті сағынамын, жоқтаймын. Екеуінің де ән-жыры жүрегімде жаттаулы, екеуінің де армандары қиялымда сақтаулы. Мен ғана емес, барлық қазақ осылай ойлап, осылай сезінеді.

Күләш та Жамбыл сияқты ән айтқанды ой айтқандай көретін. Топ тыңдаушыға әнімен жеткізген көңіл күйі – әуен болып естілгеннен-ақ жан сырына айналатын-ды. Енді ол топ ішінен өзінің сенімді бір сырласын тапқандай, соған бір құпия сырын ашқандай салатын әнді. Біз Күләшті сол қасиеті үшін ерекше ардақтайтынбыз. Күләш Еңліктің зарын елімен қоштасып тұрып айтқанда да, сол үшін онымен қосылып жылағанбыз.

Күләш ән түрінде өзінің сенімін ғана баяндайтын, шынын ғана айтатын. Сондықтан да оның жалғансыз жарқын сырлары бәріміздің көңілімізге қонатын, көңілімізге құйылатын.

Мен «Абай» атты операға кемінде он рет барған болармын. Сонда Ажардың ариясын тыңдауға, Ажардың өзін көруге ғана барушы едім.

– Рақмет, Әбділда, кеше де келдің ғой «Абайға», көрдім, – деді Күләш сол күндердің бірінде үй маңында кездесіп.

– «Абай» емес, Ажарға бардым, – дедім күліп.

– Солай ма? – деді Күләш та маған күлімсірей қарап. Бірақ мен оның күнәсіз, көлеңкесіз көзінен «неге олай?» деп анықтағысы келіп тұрғанын анық байқадым.

– Мен Ажарға ғашықпын! – дедім бұл жолы күлкі араластырмай.

– Мен де ғашықпын Ажарға... – деп Күләш та әзілсіз қоштады.

«Абай» операсын жазған композиторларымыз пайдаланған халық әні симфония оркестріне түскен соң ғажайып бір сұлу арияға айналып кетті. Өзара нәзік қосылған көп дыбысты аспаптар әйел мұңының терең тербелуіне терең жол ашты. Бірақ бірде-бір аспап жеке де, өзге аспаптарға қосылып та Күләш жеткен тереңге жеткен жоқ.

Күләш орындаған Ажар «Абай» арқылы бүкіл қазақ халқының алдында иіліп тұрып ұлы шындықты айтты. Әрі сезімтал, әрі әділетшіл сенімін шертті. Мен қазақ әйелінің (аналарымыздың) ұлылығын таныдым.

Күләш орындаған Ажардың махаббаты мен мұңы теңіз екен, сел екен. Сахнаға сыймай кетті ғой! Ол барлық қасірет-күйігін, шерлі зарын, солардан туатын ыза-кектерін де өз ұстамдылығының берік шеңберінен шығармай тұрып жеткізді ғой. Біз Күләшқа қосыла тағы да жылап тұрып, Абай – халыққа ізет етуді ұмытпадық. Мен Күләштан кейін мұндай Ажармен кездескен жоқпын.

Жұрт Күләштің Татьянасын, Чио-Чио-санын, «Даиси» операсындағы Маросын да қуанып көрді. Ал Қыз Жібек, Саралары да мәңгі жадымызда. Осылардың бәрінде Күләш өзгелерден ерек бір қасиет көрсетті. Онысы – әйелдер ұлылығы еді. Күләш лапылдатқан махаббат жалыны бықсымай биік лаулайтын, Күләш аузымен айтылған ой алыстарға естілетін, Күләш ұлы өмірдің ұлы жыршысына айналып сайрайтын. Сол үшін де біз оның шексіз талантына бас июші едік.

Қазақ халқының ардақты саңлақтарының, арқалы жүйріктерінің, аруақты азаматтарының бірі Күләш аз өмірінде көп жұмыс тындырды. Ол – біздің мәдени тарихымыздағы сирек кемеңгерлердің бірі.

Ол – ұлт театры мен ұлт музыкасының даңқты ұстаздарының бірі.

Күләші болған ел – мәртебелі ел.

Күләшқа астанамызда алтыннан ескерткіш арнасақ та көп емес.

Лениншіл жас. – 1982. – 13 маусым.